

Аудандық коммуналдық меншікті мүліктік жалдауға (жалға) берудің есеп айырысу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 17 ақпандағы N 798 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаменті Қармақшы ауданының әділет басқармасында 2010 жылы 15 наурызда N 10-5-124 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 17 тамыздағы N 74 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 2011.08.17 N 74 қаулысымен.

Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Аудандық коммуналдық меншікті мүліктік жалдауға (жалға) берудің есеп айырысу мөлшері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары
Е . Қ а л и е в қ а жүктелсін.

3. Қармақшы ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 31 желтоқсандағы "Аудандық коммуналдық меншікті мүліктік жалдауға (жалға) берудің 2010 жылға арналған есеп айырысу мөлшерлемесін бекіту туралы" N 740 қаулысы жойылсын.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б. Қаюпов

Аудан әкімдігінің 2010 жылғы
" 17 " ақпан N 798 қаулысымен
бекітілген қосымша

Аудандық коммуналдық меншікті мүліктік жалдауға (жалға) берудің есеп айырысу мөлшері мен коэффициенттер

1. Бір жылға, 1 шаршы метр үшін жалдау ақысының есеп айырысу мөлшерлемесі - 1,5 еселенген айлық есептік көрсеткіш (АЕК)

2. Аудандық коммуналдық меншіктегі тұрғын үй емес қордың объектілерін кейіннен сатып алу құқығынсыз мүліктік жалға берудегі жалдау ақысын есептеу кезінде төмендегі коэффициенттер қолданылады:

p/c	Қолданылатын коэффициенттер түрі	Коэффициент-термөлшері
1.	Құрылыстың тұрпатын ескеретін коэффициент	
	кеңселік	1,0
	өндірістік	0,8
	Қоймалық, буқазандық	0,6
	Басқалары үшін:	0,9
2.	Тұрғын үй емес жайдың түрін ескеретін коэффициент.	
	Бөлек тұрған:	1,0
	Кірістірме-жапсарлас бөлігі:	0,9
	Цокольдік(жартылай өжіре) бөлігі:	0,8
	Өжіре бөлігі	0,7
3.	Жайдың жайлылық деңгейін ескеретін коэффициент (КЖ):	
	Барлық инженерлік-техникалық коммуникациямен жабдықталған жай үшін коммуникацияның қандай бір түрі жоқ болған жағдайда әрбір түрі үшін 0,1 азаяды.	1,0
4.	Аумақтық орналасуын ескеретін коэффициент:	
	Аудан орталығы үшін	
	Аудан орталығының шет аймағы үшін:	
	Аудан орталығы емес қыстақтар, ауылдар үшін:	
5.	Жалға алушының қызмет түрін ескертетін коэффициент	
	Банктердің "Казпошта" АҚ есеп айрысу-кассалары үшін:	2,0
	Брокерлік және кедендік қызметтер, айырбастау пунктері және қызметі бағалы қағаздар нарығымен байланысты ұйымдар, сақтандыру, инвестициялық компаниялар, нотариалдық және адвокаттық кеңселер үшін:	3,0
	Қоғамдық тамақтандыру, сауда, қонақ үйі қызметтерін ұйымдастыру үшін:	2,5
	Мына салаларда қызмет ұйымдастыру үшін:	
	жоғары білім беру	1,1
	орта білім беру	0,9
	мектепке дейін білім беру	0,8
	Орта және арнаулы орта білім беру орындарында, мемлекеттік мекемелердің ғимараттарында тамақтандыру қызметін ұйымдастыру үшін:	0,9
6.	Жалға алушының ұйымдастырушылық-құқықтық нысанын ескеретін коэффициент	
	мемлекеттік емес заңды тұлғалар үшін:	1,3
	сауда-сатып алу(делдалдық) қызметтерді санамағанда өндірістік және халыққа қызмет көрсету саласын ұйымдастырған шағын кәсіпкерліктің субъектілері үшін:	1,2
	Жеке кәсіпкерлер үшін:	1,1
	Акцияларының (қатысу үлестері) елу және одан астам пайызы немесе бақылау пакеті мемлекетке тиесілі және бюджеттік бағдарламаларды орындаудан 90 пайыздан кем емес табыс түсіретін акционерлік қоғамдар (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер) үшін:	0,8
	Мемлекеттік кәсіпорындар үшін:	0,7

3. Жабдықтар, машиналар және басқа да техникалар түріндегі негізгі қорлар үшін жалға алу төлемі негізгі қорларының құнын жылдық индекстеуін ескере отырып қалдық құнының 10% мөлшері болып белгіленсін.

4. Инфляция коэффициенті тұтыну бағасы индексіне сәйкес жылда өзгереді.

Е с к е р т п е :

1. Аудандық коммуналдық мемлекеттік мекемелердің теңгерімінде тұрған мемлекеттік тұрғын үй емес қордың объектілерін мүліктік жалға (жалдауға) берген кезде жылдық жалдау ақысын есептеу төмендегідей жүзеге асырылады:

$$\text{Жа} = \text{Еа} \times \text{А} \times \text{Ктұр} \times \text{Ктүр} \times \text{Кж} \times \text{Ка} \times \text{Кқ} \times \text{Кұқ}$$

Б ұ л ж е р д е :

Жа - жалға алынған алаңның жалдау ақысының есеп айырысу мөлшерлемесі;

Еа - 1 шаршы метрге жылдық жалдау ақысының есеп айырысу мөлшерлемесі, т е н г е м е н ;

А - жалға алынатын алаң, шаршы метр;

Ктұр - жайдың тұрпатын ескеретін коэффициент;

Ктүр - тұрғын үй емес жайдың түрін ескеретін коэффициент;

Кж - жайдың жайлылық деңгейін ескеретін коэффициент;

Ка - аумақтық орналасуын ескеретін коэффициент;

Кқ - жалға алушының қызмет түрін ескеретін коэффициент;

Кұқ - жалға алушының ұйымдастырушылық-құқықтық нысанын ескеретін к о э ф ф и ц и е н т .

2. Жабдықтар және автокөлік құралдарын мүліктік жалға (жалдауға) берген кезде жалдау ақысы мына формула бойынша есептеледі:

$$\text{Жа} = \text{Қк} \times \text{Нам} / 100 \times \text{Кт}$$

Б ұ л ж е р д е :

Жа - жабдықтар және көлік құралдарына жылдық жалдау ақысының м ө л ш е р л е м е с і ;

Қк - бухгалтерлік есеп деректері бойынша жабдықтардың қалдық құны;

Есептелген тозуы 100 пайыз болған жабдықтар және көлік құралдарын мүліктік жалға (жалдауға) берген кезде, олардың қалдық құны алғашқы құнынан (қалпына келтірілген) 10 пайыз мөлшерде алынады;

Нам - "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексіне сәйкес амортизацияның шекті нормалары;

Кт - төмендету коэффициенті (жабдықтар мен көлік құралдарының тозу құны

алпыс пайыздан асқан кезде - 0,8 мөлшерде, сауда - сатып алу (делдалдық) қызметтерді санамағанда, өндірістік қызмет және халыққа қызмет көрсету саласын ұйымдастырған шағын кәсіпкерліктің субъектілеріне берген кезде - 0,5).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК